

Аудан әкімі егіс алқабында

Ауданымыздың диқаншылары егін орағына тамыз айының аяғын ала тегіс кірісіп кетті. Қазіргі таңда науқанның қызған шағы. Күннің райы да диқаншылар нанды төкпей-шашпай жинап алсын дегендей болысып тұрғандай еді, аптаның ортасына қарай күрт бұзылды.

Апта басында аудан әкімі Қ.Бексұлтанов «Шахтерское» ЖШС мен «Пржевальское» ЖШС егіс дала-

басым болған жазғы ауа райы үшін жаман көрсеткіш емес. Мұны аудан әкімімен сұхбаттасақан бірнеше жылдар қатарында жермен тығыз жұмыс істеп, күннің батуынан келесі күннің ауа-райын болжап отыратын нағыз еңбек адамы диқаншы қауымның аузынан естідік.

Таңертен ертемен егістік басында болдық. Бір гана «Шахтер» ЖШС егін алқабын екі сағат жайымен аралап, диқандармен с ұ б а т т а с т ы қ . Диқаншылар күннің жылуын тосып жүр. Түннің салқындауына байланысты таңертеңгі түскен шық ылғалды

көрегендігінің жемісі десе де болады.

Мұнан соң аудан әкімі Қ.Бексұлтанов «Пржевальское» ЖШС-нің егін алқабына бет бұрды. Бұл жерде де диқаншы қауым егіс алқабына орақ түсірместен қарап отыр. «Ауа райының жағдайына байланысты кеш бастауымызға тура келіп тұр» деп, ақталып жатыр серіктестік диқаншылары, аудан әкімімен амандық-саулық сұрасып жатып. Серіктестік директоры Ы.Таттыбаев:

-Арпа, сұлы, бидайдың дәнін сіңірдік. Сұлыны өткізу өте ауыр болып тұр. Қазір бізде қамбада биылғы мен өткен жылығы сұлы өлі тұр. Негізгі халыққа керек-ау деп еккен едік, сұраныстың жоқтығына таңым бар,- деп қояды. Сұлы іздеген халықтың құлағына алтын сырға. «Пржевальское»



сында болып, диқаншылармен кездесіп, астықтың жағдайымен танысты.

Жалпы аудан бойынша биыл жерге 215379 га. дән сіңірілсе, соның 52051 га. осы екі серіктестікке тиесілі. Аудан әкімімен кездескен серіктестік басшылары күннің райы қазіргідей қабақ танытса, диқаншылардың маңдай терімен өніп шыққан астықты төкпей-шашпай қыркүйек айының аяғына дейін жинап аламыз деп уәде берді.

Негізгі түсім орта есеппен алғанда «Шахтерское» ЖШС 11,5-тен, «Пржевальское» ЖШС 9-дан айналада екен. Әрине, өткен жылығы мол астықпен салыстыруға да келмейді. Бірақ, биылғыдай жауыны аз және жылы шырайлы күнінен салқын самалы

көтеріп, алқаптарға орақ түсіру мүмкін болмай тұр екен. Біріншіден агрономдар ылғалы жоғары астықты орауға рұқсат бермесе, екіншіден немістің, канаданың астық орау кешендері бірден ылғалдың жоғары екендігін көрсетіп, астықты орғанмен сапасы болматынын арнайы орнатылған құрылғы арқылы білдіріп отырады екен.

«Шахтер» серіктестігі республика көлеміне әйгілі. Кейінгі жылдары егістік алқабын әртарапандыру мақсатында бидай, сұлы, арпамен қатар сұранысы жоғары нут, зығырдан да қыруар пайда көріп отыр. Бұны серіктестік директоры Г.Прокоптың



ЖШС қолайлы бағада сұлы өнімімен қамтамасыз етуге дайын.

Диқаншылармен кездескен аудан әкімі істеріне сәттілік тілеп, Жер-ананың берген несібесін ысырапсыз жинап алуларына ниет білдірді.

Тазагұл Пішенбаева